

Абишева Айгерим Кенжебаевнаның 6D120100-«Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған «Жылқы ринопневмониясына қарсы өсіндік вакцина дайындау технологиясы» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШҚІРІ

Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу. Жылқы ринопневмониясы-дене қызуының көтерілуімен конъюктивит, жоғарғы тыныс жолдарының катаральді қабынуымен, ал биелерде іш тастаумен сипатталатын, жіті түрде дамидын, аса қауіпті вирусты індет.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша Қазақстандағы жылқылар саны 2025 жылғы 1 қаңтарда 4 млн 300 басты және жыл ішінде мал басының өсуі 5,4 %-ды құрады. Алайда, жылқы шаруашылығын одан әрі дамыту үшін ауыл шаруашылығының осы саласына елеулі экономикалық залал келтіретін түрлі жұқпалы індеттер кедергі келтіреді. Қазақстан Республикасында жылқы шаруашылығының дамуын тежейтін факторлардың бірі аса қауіпті індеттер қатарына кіретін – жылқы ринопневмониясы.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Ауыл шаруашылығы жануарларының кейбір инфекциялық ауруларының алдын-алу және жою бойынша шараларды жүргізудің Ветеринариялық ережелеріне» сәйкес індет анықталған қолайсыз шаруашылықтарға шектеу қойылып, ет, қымыз, саумал және жылқының аймақтан шығуына тыйым салынады. Жылқылардың ринопневмониясы бойынша қолайсыз пункттен шектеу кешенді іс-шаралардан кейін екі айдан соң алынады.

Қазақстан Республикасы үшін жылқының ринопневмониясының профилактикасының жаңа құралдарын әзірлеудің өзектілігі ел экономикасының жылқы шаруашылығы саласының әлеуметтік-экономикалық сұранысынан туындайды. Өйткені жоғарыда аталған инфекция аса қауіпті аурулар тобына жатады және жылқы шаруашылығы саласы үшін әлеуметтік-экономикалық проблема туғызады. Әзірленген өсінділік вакцинаның экономикалық әсері миллиондаған теңгемен есептеледі. Себебі, жылқының ринопневмониясына қарсы профилактикалық іс-шараларды жүргізу елдің жылқы шаруашылығы саласына зиян келтіруден құтқарады. Сондықтан, қазіргі уақытта індетке қарсы профилактикалық екпе жасау осы аса қауіпті инфекциямен күресудің жалғыз тиімді әдісі болып табылады. Сонымен қатар, ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың талаптарын сақтау және сезімтал жануарларды вакцинациялау елдің жылқы шаруашылығы саласының жоғары экономикалық әсері мен өсуіне оң, сондай-ақ елеулі оң әлеуметтік экономикалық нәтижелерге әкеледі.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми әдіснамалық ережелерді ашу.

Докторанттың зерттеу жұмысының сапасы мен ғылыми жаңалығы тікелей таңдалған әдіснамалық ережелерге байланысты. Сондықтан, алынған

тақырыпты орындау үшін қойылған мақсат пен міндеттерді айқындауда фактілерге сүйене отырып зерделеген. Алынған нәтижелер экспериментпен дәлелденіп, деректермен расталған. Зерттеу нысандарын бір-біріне байланыстыра отырып, тұтас жүйе ретінде қарастырған. Жылқының ринопневмониясына қарсы вакцина дайындау барысында туындаған сұрақтардың шешімін таба білген. Зерттеу нысандары мен қолданылған әдістерде бірізділік қалыптасқан. Зерттеу нәтижелері бұрмаланбаған.

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі.

Жылқының ринопневмониясына қарсы вакцина дайындауға қолданатын «АК-2011» аттенуацияланған штамның биологиялық және молекулярлық-генетикалық қасиеттері және оны алғашқы және тұрақты көбейетін жасуша өсінділерінде үздіксіз пассаж жүргізу арқылы жасуша өсіндісі таңдалып, вирусты өсірудің ең оңтайлы режимі анықталды. Осы ғылыми нәтижелер бойынша өндіріске ұсыныстар енгізілген. Даярланған вакцина елімізде індеттің алдын алуда маңызды орын алады. Жасуша өсіндісін таңдау, вакцинаның иммуногендік қасиеттерін зерттеу заманауи әдістерді қолдану арқылы қол жеткізілген. Алынған нәтижелер зертханалық және өндірістік сынақтар ақылы дәлелденген және логикалық тұрғыдан дәйекті, ал оларды алу жолдары ашық және қайталанбалы.

Диссертациялық жұмыс материалдары бойынша 8 ғылыми жұмыс, оның ішінде 1 мақала Scopus (Q1, процентиль 99), базасына кіретін «Transbound Emerg Dis.» журналында жарияланған, 3 мақала - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған республикалық ғылыми журнал- дарда, 4 мақала - халықаралық конференциялар, конгресстер мен симпозиум- дарында баяндалып жарияланған.

Диссертацияның құрлымдық және мазмұндық тұтастығы.

Зерттеудің тақырыбы, мақсаты, міндеттері және қорғауға ұсынылатын тұжырымдары бір-бірінен туындалған. Әрбір тарау алдыңғы бөлімнің қисынды жалғасы ретінде, қойылған мәселені шешуге қызмет етеді. Жұмыс барысында алынған нәтижелер мен қорытындылар диссертацияның кіріспесінде жарияланған міндеттерге толық жауап береді. Жұмыс бастан-аяқ бірыңғай ғылыми стильде жазылған. Жұмыстың кез келген бөлігін алып тастау, жалпы зерттеудің мағынасы бұзылатын деңгейдегі тығыз байланыс бар.

Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі.

Докторант алдына қойылған мақсатқа жету үшін жүргізілген зерттеулерге толығымен қатысып, жақсы нәтижелер алған. Атап айтқанда жасуша өсіндісін даярлау, вирусты бөліп алу, серологиялық реакцияларды қою және вакцина даярлаудың толық технологиялық процестерін меңгерген.

Докторанттың зерттеуші ретінде сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі.

Ғылыми кеңесшісі ретінде Абишева Айгерим Кенжебаевна қалыптасқан ғылыми қызметкер ретінде ерекше ғылымға қабілеті бар, білімге құштар, өз


бетімен зерттеулер жүргізе алатын, қарапайым және еңбек сүйгіш екендігін толық жауапкершілікпен айта аламын.

Зерттеу нәтижелерін халықаралық талаптарға сай ғылыми мақала, түрінде рәсімдеп, заманауи цифрлық зерттеу құралдарын пайдаланады. Теориялық білімін тәжірибеде нақты ғылыми мәселелерді шешуге қолдана алады.

Қорытынды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі, ғылыми жаңалығы және тәжірибелік бөлімінің ауқымдылығы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің дәрежелер беру ережесінің талаптарына сәйкес келеді. Қорытындылай келе, Абишева А.К. диссертациялық жұмысының өзектілігі және алынған нәтижелерін жоғары бағалап, ашық қорғауға жіберуді ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,
ветеринария ғылымдарының докторы



А.А.АБИШОВ

Пікір беруші, ветеринария ғылымының докторы А.А.Абишовтың қойған қолы растаймын ЖШС «ҒӨО ДиаВак-АБН» кадрлар бөлімінің бастығы



Қ.А.Хайруллаева

14.01.2026